

"Қарлығаш" бөбекжай-бақшамызда ата -аналарға арналған консультыциялық пункттерді ұйымдастыру бойынша жоспарға сәйкес қаңтар айында тәрбиеші Утеева Ажар "Ойын әрекетіндегі баланың дамуы" атты тақырыпта кеңес берілді. Кеңес танымдық даму. Баланың қиялын дамытатын рөлдік ойындар ұйымдастырыңыз(дүкен, дәрігер, отбасы). Ойын барысында сұрақ қойып, ойлануға жетелеңіз: Қалай ойлайсың?, неге олай болды?. Құрастыру, мозайка, пазл сияқты ойындарды жиі ұсыныңыз. Сөйлеу және тіл дамыту. Ойын кезінде баламен диалог жүргізіңіз, жаңа сөздерді түсіндіріңіз. Ертегі кейіпкерлерін сомдайтын ойындар баланың сөздік қорын арттырады. Баланың айтқанын түзетпей, дұрыс нұсқасын қайталап беріңіз. Топтық ойындар арқылы кезек куту, бөлісу, келісу дағдыларын қалыптастырыңыз. Баланың сезімін атауға көмектесіңіз: "Қуанып тұсың ба?", "Ренжідің бе?". Жетістігін байқап, мақтау сөздерді орнымен қолданыңыз.

-Ойын баланың жасына сай әрі қауіпсіз болуы керек.

-Баланың бастамасын қолдап, еркін ойнауына мүмкіндік беріңіз

-Ойын-баланың басты оқу әркекеті екенін ұмытпаңыз.



Балалардың байланыстырып сөйлеуін қалыптастыруды жүзеге асырудың ерекше бір жолы – ойын.

Ойын – балалар үшін қызықты ғана әрекет емес, ол білім мен әдет-дағдыларды игеруге мүмкіндік беретін іс-әрекет.

Ойынды арнайы сабақ ретінде немесе оқу үрдісі кезінде ұйымдастыруға болады.

Ирина Сүлей